

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	7 беттің 1 беті
	<i>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</i>	

ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының тобы үшін: «Фармация» жоғары білім негізінде ("Фармацевтикалық өндіріс технологиясы" білім беру бағдарламасы).

Оқу мерзімі – 2 жыл.

Оқу түрі: күндізгі.

Астана 2025ж.

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	7 беттің 2 беті
	<i>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</i>	

Мазмұны

1	Мақсаты және қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Негізгі бөлігі	3
3.1	Қысқаша ақпарат	3
3.2	Байланыс ақпараты	3
3.3	Қабылдау емтиханын өткізу орны	3
3.4	Түсу емтиханын өткізу нысаны	3
3.5	Құжаттарды тапсыру кестесі және түсу емтиханын өткізу мерзімдері	3
3.6	Емтихан материалы	4
3.7	Қабылдау емтиханының нәтижелері	6
	Келісу парағы	7

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	7 беттің 3 беті
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	

1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 6B10104 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша үміткерлерге арналған.
Алдыңғы білім деңгейі – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша жоғары білім.
Оқу мерзімі – 2 жыл.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы бағдарламада келесі құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы

3. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

3.1 Қысқаша ақпарат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» 2-тарауының 6-тармағына сәйкес, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқу мерзімдерін қарастыратын жоғары білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылданады.

Қабылдау емтиханы «Астана медицина университеті» КеАҚ офлайн форматта компьютерлік тестілеу түрінде өткізіледі.

3.2 Байланыс ақпараты:

Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 49А, 301 бөлме, «Астана медицина университеті» КеАҚ, Фармация мектебі. Тел.: 8(7172)539432, e-mail: omari.a@amu.kz.

3.3 Қабылдау емтихан өткізілетін орын

Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 51, «Астана медицина университеті» КеАҚ

3.4 Қабылдау емтиханын өткізу нысаны

Компьютерлік тестілеу.

Тест тапсырмаларының тізімі «Астана медицина университеті» КеАҚ Академиялық кеңесінің №6 хаттамасы бойынша 2025 жылғы «28» мамыр күні бекітілді.

3.5 Құжаттарды тапсыру кестесі және қабылдау емтиханын өткізу мерзімдері

Талапкерлерді тіркеу және қабылдау емтиханын тапсыру мерзімдері 1-кестеде көрсетілген.
1-кесте.

Құжаттарды қабылдау мерзімі	Емтихан өткізу мерзімі*	Емтихан уақыты	Апелляцияға өтініштерді қабылдау	Емтиханды өткізу орны
1 шілде-5 тамыз	11-13 тамыз	10.00-12.00 14.00-16.00	Нәтижелер жарияланғаннан кейінгі, келесі күні сағат 13.00-ге дейін	Бейбитшилик 51, 5 этаж, 501, 509 кабинет

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	7 беттің 4 беті
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	

*Қабылдау емтиханын кестесі (нақты күні, уақыты, үміткердің аты-жөні) біздің сайтта "оқуға түсушілер", "қысқартылған оқыту" бөлімінде жарияланады.

Құжаттар тізбесі:

- 1) Университет Ректорының атына белгіленген нысан бойынша өтініш;
- 2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқасы және көшірмесі);
- 4) көлемі 3 x 4 сантиметр 6 фотосурет;
- 5) 075/у нысаны бойынша Медициналық анықтама (түпнұсқа + көшірме), флюорографияның суреті, 063-у нысанының көшірмесі (егу картасы, көшірме). (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген). Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай медициналық анықтаманы тікелей білім беру ұйымдарына ұсынады;
- 6) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың біреуін қосымша тапсырады.

3.6 Емтихан материалы

Фармация негіздері бойынша сұрақтар:

1. Ұғымға, терминге анықтама беріңіз:
 - «Фармация»;
 - «Дәрілік зат»;
 - «Дәрілік препарат»;
 - «Фармакологиялық зат»;
 - «Биологиялық белсенді заттар»;
 - «Фальсификацияланған дәрілік зат»;
 - «Жаңғыртылған дәрілік зат (дженерик)»;
 - «Парафармацевтика»;
 - «Дәрілік формуляр»;
 - «Дәрілік заттардың мемлекеттік тізілімі»;
 - «Негізгі (өмірлік маңызды) дәрілік заттар» және т.б.
2. Фармацияның негізгі бөлімдері және олардың міндеттері.
3. Фармацевтикалық мекемелер.
4. Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері.
5. ҚР-дағы дәрілік саясаттың құқықтық негізін регламенттейтін заңнамалық-нормативтік құжаттар.
6. Фармакодинамика мен фармакокинетиканың негізгі принциптерін көрсетіңіз.
7. Фармакогнозия дегеніміз не және ол фармацевт тәжірибесімен қалай байланысты?
8. Науқас үшін дәрі-дәрмектің дозасын таңдаудың негізгі принциптері қандай?
9. Фармакологиялық қадағалау дегеніміз не және ол қандай міндеттерді шешеді?
10. Жаңа препаратты тіркеу процесін сипаттаңыз?
11. Әртүрлі қатар жүретін аурулары немесе жағдайлары бар емделушілерге арналған дәрі - дәрмектерді таңдау кезінде қандай факторларды ескеру қажет?
12. Дәрі-дәрмектерді дозалау принциптері туралы. Науқасқа арналған дозаны таңдауға қандай факторлар әсер етеді?
13. Жағымсыз дәрілік реакциялар дегеніміз не және олар қалай жіктеледі? Оларды қалай болдырмауға және басқаруға болады?

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	7 беттің 5 беті
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	

14. Дәрілік форма дегеніміз не және дәрілік формалардың негізгі түрлері қандай?

15. Жағымсыз дәрілік реакциялар дегеніміз не және олар қалай жіктеледі? Оларды қалай болдырмауға және басқаруға болады?

16. Стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың (СЕҚҚП) әсер ету механизмдері және олардың негізгі жанама әсерлері туралы айтыңыз.

17. Науқастардың генетикалық ерекшеліктерінің дәрілік заттардың тиімділігі мен қауіпсіздігіне әсері.

18. Бүйрек немесе бауыр қызметі бұзылған науқастарға арналған дәрі-дәрмектерді таңдау кезінде қандай негізгі аспектілерді ескеру қажет?

19. Фармацевтикалық стандарттау дегеніміз не және ол дәрілік заттардың сапасына қалай әсер етеді?

Дәрілік өндірістік технология бойынша сұрақтар:

1. Дәрілік технология пәні ретінде анықтамасы. Мақсаттары. Негізгі шешу жолдары. Қазіргі жағдайы мен даму перспективалары.

2. Дәрілік формалар мен заттардың сапасын нормалау. Дәрілік заттар мен формалардың сапасы туралы ұғым.

3. Көмекші заттардың номенклатурасы және классификациясы. Дәрілік формалардың физика-химиялық тұрақтандырғыштары: консерванттар, пролонгаторлар, солюбилизаторлар, коррингенттер және т.б. Қысқаша сипаттама және қолданылуы.

4. Ұнтақтар ретінде дәрілік форма. Анықтамасы. Сипаттамасы. Талаптар. Ұнтақтардың жіктелуі. Технология кезеңдері. Сапасын бағалау. Сақтау.

5. Шайқалмалар (жинақтар) дәрілік формасы ретінде. Анықтамасы, қолдану тәсілі, мақсаты мен дозалауы бойынша классификациясы. Жалпы және жеке технологиясы.

6. Ерітінділер дәрілік формасы ретінде. Ерітінділердің жіктелуі. Ерітінділер номенклатурасы және оны фармация мен өнеркәсіп жағдайында кеңейту перспективалары.

7. Ерітінділер технологиясы. Ерітінділер сапасын бағалау. Сақтау.

8. Шайқамалар мен қайнатпалар. Экстракциялық дәрілік формалардың маңызы. Су экстракттарының сипаттамасы және жіктелуі.

9. Тұнбалар. Жіктелуі. Тұнбаларды дайындау. Номенклатура. Тұнбаларды тазарту. Стандарттау. Сақтау.

10. Су экстракциясының ерекше жағдайлары: алтей тамырының тұнбасы, алкалоидтар, гликозидтер, илік заттар, сапониндер және т.б. бар шикізаттан алынған экстракциялар.

11. Шайқамалар мен қайнатпалар технологиясының кезеңдері. Аппараттар. Инфузиялық аппараттар. Шайқамалар мен қайнатпаларға дәрілік заттарды енгізу.

12. Арнайы дайындалған экстракттардан су экстракцияларын алу. Сапасын бағалау, қаптау, сақтау.

13. Таблеткалар. Сипаттамасы. Классификациясы.

14. Медициналық капсулалар және микрокапсулалар. Сипаттамасы. Түрлері.

15. Суспензиялар дәрілік формасы ретінде. Жіктелуі. Сақталуы.

16. Эмульсиялар дәрілік формасы ретінде. Жіктелуі. Сақталуы.

17. Майлар мен пасталар. Дерматологиялық, ректальдық және вагинальдық майлар технологиясының ерекшеліктері.

18. Суппозиторийлер дәрілік формасы ретінде. Анықтамасы. Сипаттамасы. Жіктелуі. Талаптар.

19. Суппозиторий негіздері және оларға қойылатын талаптар. Суппозиторий негіздерінің классификациясы.

20. Инъекциялық дәрілік формалар. Талаптар.

21. Көзге арналған дәрілік формалар: тамшылар, майлар, дәрілік үлдірлер. Сипаттамасы.

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	7 беттің 6 беті
	Қабылдау емтиханының бағдарламасы	

Талаптар.

22. Көз дәрілерінің технологиялық ерекшеліктері.
23. Ветеринариялық препараттар. Анықтамасы. Жіктелуі. Шикізатты сақтау және стандарттау ережелері.
24. Гомеопатиялық дәрілік заттар. Гомеопатия ұғымы. Гомеопатиялық дәрілік формаларды дайындау әдістері.
25. Дәрілік препараттарды әзірлеу және енгізудің негізгі қағидаттары мен кезеңдері.

3.7. Қабылдау емтиханының нәтижелері

Шекті балл-50;

Ең жоғарғы балл -100;

Өту балы келіп түскен өтінішке байланысты қабылдау комиссиясымен анықталады;

Емтихан уақыты - 1 сағат 40 минут (1 тест сұрағына 1 минут);

Сұрақтар саны – 100;

Әрбір сұраққа: 1 дұрыс жауап;

Әр дұрыс жауап – 1 балмен бағаланады.